

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай институты <http://abai.kaznu.kz/>
Менің университетім <http://abai.kaznu.kz/?p=1867>

Жанғара Дәдебаев,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры

ЗҰФАР СЕЙТЖАНОВ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының зерттеуші-ұстазы, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті әдебиеттанушы ғалым, лирик ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Зұфар Нұрсапаұлы Сейтжанов сексен жасқа толды. Құтты болсын!

Зұфар Нұрсапаұлын алғаш рет 1975 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында көрдім. Сол жылы университет бітірген бес жас маманды ұстазымыз Тұрсынбек Кәкішұлы жетектеп алып келіп осы институтқа жұмысқа орналастырған. Мен фольклор бөліміне бөліндім. Бөлім бастығы – Рахманқұл Бердібаев, филология ғылымдарының докторы, еңбегін ел таныған үлкен ғалым. Зұфар Нұрсапаұлы осы бөлімде ғылыми қызметкер екен. Ақырын жүреді, даусын көтермейді, өте сыпайы, биязы. Костюм-шалбары, ақ көйлегі, галстугі жарасқан, жүзі жылы, жайдары. Содан бері жарты ғасырдың жүзі болыпты. Сол жарты ғасырдың жүзінде Зұфар Нұрсапаұлы менің көзімнің алдында, көңілімнің төрінде. Сол бұрынғы қалпында.

Академиядан университетке келдік. Бір-бірімізден көз жазбадық. Оқу ісі, ғылыми-зерттеу, тәрбие сияқты бірнеше бағытта небір шұғыл, күрделі іс-шаралардың салмағын көппен бірге қатар жүріп көтердік. Бүгінде жүгіміз біраз жеңілдеді. Өткен күндерге өкпеміз жоқ, бүгінгімізге шүкірлік етеміз, алдан күтетін үмітіміз де зор. Қатар жүріп өткен жолымызға қарап отырып, бірде болмаса, бірде даусым қатты шығып, Зұфақанның көңілін қалдырмадым ба екен деп ойланғаным бар. Көңіл шіркіннің бір атым насыбайдан да қалатыны бар емес пе... Зұфақанның көңілі қалғандай жайсыз мінез көрсетпеген сияқтымын. Соған қуанамын.

Зұфар Нұрсапаұлы ғылыми жұмысын қазақтың реалды-тарихи эпосын зерттеуден бастады. Қазақ халқының бастан кешірген қилы замандарының шындығына негізделген реалды-тарихи эпосының тақырыптық, жанрлық құрамы қандай көп қырлы болса, саяси сипаты да салмақты еді. Кеңес үкіметінің идеологиялық ұстанымдарының шың-құздарына ұрынбай, сындарлы ойдың желісін сыпайы тарту үлкен дайындықты, терең білімді,

методологиялық қырағылықты қажет еткенінде сөз жоқ. Зұфақан өзінің зерттеу жұмысын заман талаптарына сай жүргізе отырып, айтар ойлары мен тұжырымдарын, қағидаларын кезеңінің ғылыми жетістіктерінің биігінде негіздеді. Бұған дейін қазақ әдебиеттануында, фольклористикада зерттеу пәні болмаған, зерттелмеген тарихи эпос үлгілері қарастырылды. Ғылыми қауым зерттеуші жұмыстарының нәтижелерін ғылымдағы жаңа және өзекті мәселенің шешімі ретінде қабылдап, жоғары бағалады. Осы жұмыстарының негізінде Зұфақан 1988 жылы кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғады. Реалды-тарихи эпос ғалымның ғылыми зерттеулерінің басты арнасына айналды. «Тарихи эпос» (1994) монографиялық еңбегінде қазақ фольклорының, қазақ реалды-тарихи эпосының ғылыми маңызы зор іргелі мәселелері арнайы зерттеліп, қазақ әдебиеттануы мен фольклористикасы жаңа ғылыми ойлар мен қағидалардың тұтасқан жүйесімен молықты, эпостанудың тарихы мен теориясы байыды.

Кандидаттық диссертациясын қорғаған соң, Зұфақан Қытайдағы қазақтардың әдебиетін зерттеуге бет бұрды. Оған себепші болған профессор Тұрсынбек Кәкішұлы еді. Осы жаймен байланысты Тұрсынбек Кәкішұлының сөзін Зұфар Нұрсапаұлы өз естеліктерінде қаз-қалпында жеткізді: «Мен фольклордың түсінбеймін. Сен анау Қытайдағы қазақтардың, Монғолиядағы қазақтардың әдебиетін зертте» [1].

Ғалымның ғылыми ізденістері шетелдегі қазақ әдебиеті бағытында жаңа арнаға айналды. Қытай қазақтары әдебиетінің туып, қалыптасуы мен даму жолдары бойынша жүргізген зерттеулері нәтижесінде «Шыңжаң қазақ әдебиеті» (1999), «Шетелдегі қазақ әдебиеті» (1995) сияқты монографиялары жарық көрді, оларда шетелдегі қазақ әдебиеті тарихының тұтас бір ғасырын қамтитын көкейтесті, тарихи, ғылыми маңызы үлкен, бұған дейін қарастырылмай жатқан тұтас бір әлемі зерттелді. Зерттеу нысаны жайында автор өзінің докторлық диссертациясының авторефератында: «Тіпті күні кешеге дейін сыртта тұратын қазақтардың көркем сөз өнері туралы сөз қозғау, шет пұшпақтап қана болмаса, айтуға болмайтын жабық тақырыптардың бірі болды. Оларды әдебиеттану ғылымының қазіргі биігінен қарап, ерекшеліктерін ашу бүгінгі күннің көкейкесті проблемасының бірі» [2, 4], - деп жазды. Зерттеушінің пікірі дәлелді. Зерде айнасында айдай жарқырап, анық көрініп тұрған ақиқатқа негізделген.

Автордың талдаулары, жинақталған ойлары, тұжырымдары мен қорытындылары қазақ әдебиеттануындағы жаңа ғылыми бағыт болып қалыптасты. Зерттеуші осы еңбектерінің негізінде 2000 жылы «Қытай қазақтары әдебиетінің туып, даму жолдары (поэзия, проза. 1950 жылға дейінгі кезең)» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. Қазақ әдебиеттануының көрнекті тұлғалары бас қосқан диссертациялық кеңесте

Зұфар Нұрсапаұлының еңбегі қазақ әдебиеттануының дамуына қосылған үлкен үлес екені туралы қорытынды жасалды.

Докторлық диссертациясын қорғағаннан кейін де ғалым өзінің ғылыми бағыты бойынша ғылыми ізденістерінің өрісін кеңейте берді. «Ақыт ақын» (2001), «Халық әдебиеті» (2002), «Эпостағы өмір өрнектері» (2004), «Казахский исторический эпос» (2005), «Риторика» (2006), «Парасат пен пайым» (2016), «Қазақ халық әдебиеті. Оқу құралы» (2020) және басқа зерттеу еңбектері мен оқу құралдары мазмұны жағынан да, зерттеу әдістері мен әдіснамасы жағынан да, баяндау, талдау мәнері мен жазу машығы жағынан да жаңа, жаңашыл сипатымен ерекшеленді.

Зұфар Нұрсапаұлы қазақ әдебиетінің тарихы бойынша іргелі ұжымдық зерттеу еңбектердің жазылып, жарық көруіне үлес қосты. 2002 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде орындалған «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» ғылыми жобасы аясында «Шетелдегі қазақ әдебиеті» тарауын жазды. Ұжымдық еңбек профессор Тұрсынбек Кәкішұлының басшылығымен 2002 жылы екі том болып «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» деген атпен жарық көрді. ХХІ ғасырдың басында академик Серік Қирабаевтың басшылығымен қазақ әдебиетінің он томдық тарихы жазылып, жарық көрді. Зұфар Нұрсапаұлы қазақ әдебиетінің он томдық тарихының «Қытай және Монғолия қазақтарының әдебиеті» деп аталатын үлкен бір тарауын жазды. Тарау «Қазақ әдебиетінің тарихы» он томдығының сегізінші томында жарияланды (2004). Аталған ғылыми еңбектер қазақ әдебиетінің тарихын зерттеудің Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі үлкен жетістігі еді. Бұл еңбектердің ғылыми және практикалық маңызы зор.

2015-2021 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» атты көп томдық сериялық басылым дайындап, абайтану саласында тарихи қалыптасқан мектептер мен ғалымдардың таңдамалы еңбектеріне негізделген дербес ғылыми база жасады. Зұфар Нұрсапаұлы көпшілік қауым, әлем оқырмандары үшін игілікті осы жұмыстың нәтижелі болуына еңбек сіңірді. Бүгінде 50 том болып жарық көрген «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық сериялық басылымы мен «Абайтану антологиясы» он томдық басылымының ғылыми-редакциялық кеңесінің мүшесі және авторларының бірі ретінде атқарған еңбегі зор.

Зерттеуші ғылыми еңбектерінің арнасы болған әдеби, мәдени үлгілер негізінде балаларға арнап бірнеше танымдық кітаптар жазды: «Эпостық батырлар» (2001), «Салт-дәстүр» (2001), «Бата-тілек» (2002), «Айтыс» (2002), «Көне эпос» (2008). Бұл кітаптар ғылыми зерттеу нәтижелерін балалардың оқуына, түсінуіне, қабылдауына ыңғайлаудың ғылыми-әдістемелік негізінде дайындалды. Мұндай ғылыми-әдістеме негізін жасаудың өзі ұстаздық бай тәжірибені, теориялық терең білімді, кәсіби біліктілікті қажет етті. Зұфар Нұрсапаұлы бұл ретте де өзінің кемел болмысымен, кәміл кісілігімен көрінді.

Ғалым-ұстаз ғылыми зерттеу саласында жүргізген жұмыстарының нәтижелерін жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша өндіріске енгізу бағытында да айтарлықтай жетістіктерге жетті. Жоғары білім беру бағдарламалары аясында он бестен астам жаңа оқу пәндерін дайындап, оларды оқу-әдістемелік құжаттармен қамтамасыз етті, лекциялық курстарын дайындады, әдістемелік құралдарын жасады және өзі оқыды. Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша «Әдебиет және эстетика», «Әдебиеттанудың методологиялық мәселелері», «Қазақ әдебиеті, фольклор және мифология», «Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық идея». «Әдебиетті оқыту әдістемесі мен әдіснамасы» сияқты инновациялық, пәнаралық пәндерді оқу процесіне енгізді, халық шаруашылығына жоғары білімді, жоғары білікті мамандар даярлау ісінің сапасын жақсарту мақсатында ерен еңбек етті. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тәуелсіздік жылдары ғылыми әлеуетінің қарыштап дамуына, білім мен ғылым ұштасқан жүйеде қоғамның зияткерлік байлығының артуына зор үлес қосты.

Профессордың ғылыми-шығармашылық қызметімен қатар әдеби-шығармашылық қызметі де ерекше маңызды. Зұфақан – табиғатынан лирик. «Рауан» (1978), «Таңшолпан» (1988), «Тау самалы» (1993), «Қос қанат» (2011), «Ерулік» (2013), «Жанарымда жарық күн», «Жансарай», «Бәйтерек. Екі томдық» және басқа өлең кітаптары сырлы да сымбатты сипаттарымен бағалы.

«Қос қанат» өлеңдер кітабындағы «Қайырлы таң!» өлеңінде мынадай жақсы тілек бар:

Қайырлы таң!
Қарсы алыңдар, бар адам!
Қайырлы таң!
Ей, дүние! Сау-саламат бол аман! [3, 3]

Ағарып атқан таңды ақ көңілмен, таң самалындай тап-таза, тұнық сезіммен қарсы алу адамның, ақынның табиғи болмысынан. Табиғаты таза, жаны жайсаң, жүрегі нұрлы жан таңды осылай қарсы алады. Туған жердің тамылжып атқан таңының тамашасын тамашалап, таң болып, бар адамға, бар дүниеге жақсылық тілеу, жан-жүрегінен елжіреп, ізгілік нұрын тарату бойына құт дарыған кемел ойдың иесіне тән. Зұфар Нұрсапаұлы менің көңілімнің төрінен осындай табиғаты таза, жаны жайсаң, жүрегі нұрлы, бойына құт дарыған кемел ойлы кісі болып көрінеді.

Зұфар Нұрсапаұлы Сейтжанов Тәуелсіз Қазақстанның білімі мен ғылымының дамуына, әдебиеті мен мәдениетінің өсіп-өркендеуіне зор еңбек сіңірді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сейтжанов З.Н. Сұхбат. Сұқбаттасқан Ардақ Құлтай // <https://qazaquni.kz/bilim/7090-ke-es-kezinde-kitap-shyi-arsam-a-shany-i>
2. Сейтжанов З.Н. Қытай қазақтары әдебиетінің туып, даму жолдары (поэзия, проза 1950 жылға дейінгі кезең). Филол. ғыл. док. ...дисс. авторефераты. – Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2000. – 55 б.
3. Сейтжанов З.Н. Қос қанат. Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2011.